

УДК 33.336.2

## **ҚР ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДА САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Мұқаш Нұрай Нұрлыбекқызы,**

**Мұхтар Әсел Есенәліқызы**

*Mukhtar.asel@inbox.ru*

Еуразия Ұлттық Университеті, Экономика факультеті,


Қаржы мамандығы, 2-курс студенттері,

Ғылыми жетекші: доктор (PhD) Хамитхан Н.

Жалпы салық жүйесі экономикалық даму деңгейіне және әлемдік рейтингтер индексіне қарамастан кез келген елдің қаржы жүйесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. 21 ғасырдың әлемдік экономикасында төртінші өнеркәсіптік революция басталып, дамып келеді, оның басымдығы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект жүйесін пайдалана отырып, экономиканы жедел технологиялық жаңғырту қажеттілігі туындады.

Қазақстанның салық жүйесіне де цифрлық технологияларды қолдану белсенді енгізілуде. Салық жүйесін цифрландыру мемлекет, бизнес және халық үшін де үлкен жаңалықтар болып табылады. Жұмыс форматы өзгеруде: салық салу жүйесінің көптеген кезеңдерінде қағаздықтан цифрлық форматқа көшу байқалады. ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті салық қызметтерінің жұмысын неғұрлым ұтымды ұйымдастыру және салық төлеушілермен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін салық салуда Ақпараттық жүйелерді белсенді әзірледі. Бұл зерттеудің өзектілігін анықтайды[1].

Әсіресе тауарлар қозғалысын мониторингтеу жүйесі көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартудың және бюджетке түсетін салық түсімдерін тиісінше ұлғайтудың пәрменді құралдарының бірі тауар қозғалысының импорттан немесе өндірістен бастап оны Қазақстан аумағында түпкілікті өткізуге дейінгі толассыз мониторингі болып табылады. Толассыз мониторинг жүйесі тауарларды жеткізудің барлық тізбегін бақылай отырып, ел бойынша тауарлардың бағасын белгілеуге талдау жасауға мүмкіндік береді. Толассыз мониторинг жүйесі мынадай жобаларды қамтиды (сурет 1)[2]:



Сурет 1- Ақпараттық жүйе бойынша жоба тізімдері

Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қамтитын бастамалар:

1. «Электрондық шот-фактуралар» АЖ – тауарларды электрондық шот-фактуралар жазып беру жолымен іске асыруға мүмкіндік береді. Жүйе интерфейсті түзетуге мұқтаж, сондай-ақ тауарларды алып өтуді бақылау жөнінде функционал құру қажет. Оның функционалдарының бірі тауарларды алып өтуді бақылауға, т. б. мүмкіндік беретін «Виртуалды қойма» модулі болып табылады. Аталған модульді келесі жылдың шілдесінде іске қосу жоспарланып отыр.

2. «Тауарларды таңбалау» АЖ – ЕАЭО аясында бұйымдарды таңбалау үшін қажет. Қазақстанда пилоттық нұсқасы 27 қарашада іске қосылды. Келесі жылы оның жұмысының нәтижесі бойынша таңбаланған тауарлар тізілімін кеңейту мәселесі қаралады.


3. Блокчейн технологиясын қолдана отырып ҚҚС-ты әкімшілендіру – орталықтандырылмаған деректер базасын құруға мүмкіндік береді, соның арқасында салық төлеушілердің қаржылық транзакцияларының тізбегі лезде қадағаланады және олардағы ҚҚС-тың кепілдендірілген қайтарымы жүргізіледі. Жүйенің прототипін келесі жылдың тамызына қарай жасау жоспарланып отыр.

4. Түрлі көздердің деректер базасын біріктіру жолымен салық жинауды арттыру – жобаны жүзеге асыру салықтық әкімшілендіру мақсаты үшін Big Data жасауға бағытталады. Бүгінде нәтижелі салықтық әкімшілендіруді барынша толық жүзеге асыру қамтамасыз етілмейді, өйткені ақпарат тек уәкілетті мемлекеттік органдардан түседі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, заманауи салықтық әкімшілендіру бизнестен алынатын (салықтық бақылау мақсаты үшін) мәліметтер негізінде жүзеге асырылады. Мәселен, тасымал көлемі немесе электр энергиясын тұтыну бойынша осы қызметтерді көрсететін кәсіпорындардан алынатын деректер олардың контрагенттері салық есептемесінде көрсететін кірістермен салыстырылады[3].

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 23 ақпан «Электрондық шот фактуралар» ақпараттық жүйесінің модулі арқылы электронды шот- фактуралар жазып беру туралы бұйрығына сәйкес «Электрондық шот фактуралар» ақпараттық жүйесінің «Виртуалды қойма» модулі тәжірибелі қолданысқа енгізілді.

«Виртуалды қойма» (бұдан әрі — ВҚ) модулі — қалдықтарды автоматты түрде санау және импортпен келген тауарды кіріске алудағы бизнес-процесті автоматты түрде бақылауға алу мақсатында құрылған. ВҚ модулі тауарларды қоймаға кіріске алу және есептен шығару, соның ішінде ТД немесе тауарды шеттен әкелу өтініші және жанама салықтарды төлеу негізіндегі тауар қозғалысы процестерін автоматтандырады.

Нәтижесінде, ВҚ-дан таңдалған тауар бойынша ЭШФ рәсімдеу барысында ТД, шеттен әкелу өтінішінен және тауардың шығу тегі сертификатынан мәліметтер автоматты түрде толтырылады [4].



Сурет 2 - Бюджетке түскен салық түсімдері Ескерту: Дерек көзі [5].

2 суретте 2021 жылғы қаңтар айындағы мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдер жоспары 104,9%-ға, оның ішінде республикалық бюджет 88,0%-ға және жергілікті бюджет 137,0%-ға орындалды

Салық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру алдағы үш жыл ішінде бюджетке 1,9 трлн теңге көлемінде қосымша түсімдерді қамтамасыз етеді (2020 жылы 520 млрд теңге, 2021 жылы 623 млрд теңге және 2022 жылы 750 млрд теңге).

Цифрландыру бойынша қабылданып жатқан шаралар қазірдің өзінде салықтық тексерулерді 9%-ға қысқарту және бюджетке түсетін кірістерді 20%-ға көбейту түрінде оң әсерін тигізуде [6].



Сурет 3 - АЖ жобалары бойынша нәтижелері Ескерту: Дерек көзі [7].

3 суретте көріп отырғандай мысалы «Астана -1» АЖ жобасы бойынша 86 мың «ЭШФ» АЖ пайдаланушылары API қызметін пайдаланды.

Қорытындылай келе зерттеу нәтижелеріне сәйкес салық жүйесін цифрландыруды жүзеге асыру барлық мүдделі тараптар сындарлы диалог шеңберінде мемлекеттің, қоғамның және қаржы секторының мүдделерін қамтамасыз ететін тиімді реттеушілік шешімдерді әзірлейді.

Егер салық салудың осы базалық қағидаттарын негізге алатын болсақ, онда қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан салық реформасы үшін бастысы салықтардың ынталандырушы және фискалдық рөлі арасындағы оңтайлы арақатынасқа қол жеткізу болып табылатынын көреміз. Бұл жағдайда салық реформасының негізгі міндеттері салық ауыртпалығын неғұрлым әділ бөлу, оңтайлы салық ставкаларына көшу және салық жүйесін жалпы жеңілдету болып табылады. Бұл ретте салықтарды әкімшілендіру жүйесі мемлекет үшін де, салық төлеушілер үшін де салық заңнамасын орындау шығындарының деңгейін төмендетуді қамтамасыз етуі тиіс. Жаңа салықтық бастамалар салықты оңтайлы жинауды арттырудың, халықтың нақты кірістеріне салықтық бақылаудың тиімділігін арттырудың және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың негізгі құралына айналуы тиіс. Мұндай шаралар әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан қолданылып келеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А. Байдусенов Қазақстанның салық жүйесі-2017.-N 4.
2. Нұрлы жол мемлекеттік бағдарлама\ [https://strategy2050.kz/upload/iblock/e5a/nrly\\_zhol\\_memlekettik\\_badarl\\_amasy.pdf](https://strategy2050.kz/upload/iblock/e5a/nrly_zhol_memlekettik_badarl_amasy.pdf)
3. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын және оның нысандарын бекіту туралы\ <https://tsnik.kz/kz/normativno-pravovye-akty/130853/22.04.2019/>
4. «Виртуалды қойма» деген не? <https://aikyn.kz/9181/12335-virtualdy-qoyma-degen-ne/>
5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ресми сайты [//www.salyk.kz](http://www.salyk.kz)
6. Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру бюджет кірістерін 20%-ға жуық ұлғайтады\ <https://egemen.kz/article/206282-salyqyq-akimshilendirudi-tsifrlandyru-byuddget-kiristerin-20-gha-dguyq-ulghayta>
7. ҚР МКК ресми сайты [//http://kgd.gov.kz](http://kgd.gov.kz).